

## **Сыбайлас жемқорлыққа төзбейтін қоғам құру - Мемлекетті нығайту мен экономиканы дамытудың маңызды шарты**

Шынында еркін халқымыздың ертеңі, тәуелсіз мемлекетіміздің келешегі, тіпті бүгінгі жас ұрпақтың болашағы біздерді қатты ойландырады.

Оған себеп кешегі қаңтар айында халықтың бейбіт митінгіге шығуы, мемлекетіміздің аяқ астынан бейшара қалға түсіп, билігінен айырылып қала жаздауы. Осынша уақыт шекарасын бекемдеген, әскері, Отанын қорғайтын ұлқызы бар деп жүрген, тіліміз дамып жатқан, рухы мықты біртұтас халықпыз деп жүрген сенімімізден айырылып қалдық. Иә, кеше мемлекетіміз аяқ астынан құлап қалса не болар еді? Мемлекетімізге кім ие болар еді, тәуелсіздігіміздің ақыры не болар еді? Ойласаң кеудеңе қорқыныш ұялайды.

Сан сұрақ миыңды қажалайды. Отыз жыл бойы дербес дамыған ел ретінде не бітірдік? Идеологиямыз қайда апара жатыр, қай дәрежеде рухымыз нығайды? Экономикамыз қалай өркендеді, мемлекетімізде жүргізілген экономикалық, рухани, саяси реформалар елге не берді? Неге халықтың басым көпшілігі кедей болып қалды. Завод, фабрика неге тұрғызылмады, мал шаруашылығы, егін шаруашылығы неге дамымай қалды? Неге аз ғана топ байыды? Неге, неге, неге?...

Осы мәселелерге келгенде кешегі «қаңтардағы көтерілісі», болмаса «қаңтар қырғыны» біздің мемлекет пен халықтың алшақ өмір сүріп, бірі қанаушы, бірі каналушы есебінде болғанын, қоғам мүддесінің мүлде алға баспағанын, идеологиясы жоқ халыққа айналып, таза мақтанға бой алдырып, өтірікке жол ашқан билігі бар Ел болғанымызды көрсетеді.

Ел басшыларынан үміті үзілген халық тығырыққа тіреліп, кедейленіп, тілінен, ділінен, рухынан айырылуға шақ қалып амалсыз қарсылық көрсетуге көшеге шықты. Тағы да мемлекет халыққа сенбей, халық мемлекетке сенбей, былай айтқанда байып кеткен мемлекет басындағылар кедей халықты тыңдамай, менсінбей өрескел қате жіберді. Ақыры осыны пайдаланған әртүрлі алаяқ топтардың (мемлекетте істейтін, істемейтін топтар) немесе сол байшыкештердің ұйымдастыруы, тіпті сыртқы күштердің арқасында бейкүнә халық «қаңтар қырғынына» ұрынды. Халық тағы да зардап шекті.

Десе де президент билігі де, өкімет басшылары да өзгермесе болмайтынын толық түсінді деп ойлаймын. Президент Елімізді тыңдай білетін, хадықтың жағдайын ойлайттын, тәуелсіз Қазақстанды дамытатын, сыбайлас жемқорлыққа төзбейтін, әділ дамуы үшін барлық салаға өзгеріс енгізетін «Жаңа Қазақстан» құрамыз деп жар салды. Иә, осы сөзбен қанаттанатын, өзгеріс әкелетін мемлекет қайраткерлері бар ма? Бар шығар?

Бірақ олар әлі де өте аз сияқты, себебі жылы орнын қимайтын қызметкерлер әлі де орнында. Өзгер дегенге өзгере ме олар оңайлықпен.

Сондықтан менің ойымша ең төменгі мемлекеттік сатыда отырған, яғни әр-бір ұжымда отырған азаматтар мен азаматшалар жұмылып, өз ұжымдарында тәртіп орнатып, жоғарғы жаққа өз ойларын ашық айтуы керек деп есептеймін. Бір сөзбен айтқанда әлілетті, парасатты, бір-бірін құрметтейтін, сыбайлас жемқорлыққа төзбейтін ұжымға айналуы керек. Осы жағдайда ғана жаңа Қазақстанға айналамыз.

Мынау жан-жағымызда жаһанданудың жартыкеш өмір салты анталап тұрған заманда ұлтымыздың қасиетті тілін, салт-дәстүрін, қазағымыздың мінез құлқындағы мейірім, қайырымға толы құнды қасиеттерін сақтап қалуымыз керек. Сонда ғана Елімізді, тәуелсіздігімізді сақтаймыз аламыз, қарқынды дамудың жаңа жолы на шығамыз. Халық пен мемлекеттің ара байланысын нығайта аламыз. Халық пен мемлекет бірге болса ғана кешегінгідей қырғын болмайтыны шүбәсіз. **«Қазақ мемлекетін және қоғамын мейірімді қоғамға айналдырамыз. Қоғамның дамуының ең басты жауы Еліміздегі сыбайлас жемқорлықты түбегейлі жою жолына түсеміз.»**

Сондықтан бұл бастаманы киелі өнер ордасы - Қазақконцерт ұжымы бастап, еліміздің түкпір-түкпіріндегі ұжымдар мен мекеме қызметкерлері қолдаса, арық арай обылыс, республика мекемелерінде жалғаса болар еді.

*Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі ақын, Е. Тілепбердиев*